



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 08 ж. « 19 » қараша ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 080940010300

№ 5062-1900-А5



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 15 ж. « 27 » қараша

БСН 080940010300

№ 5062-1900-А5

Бастапқы тіркелген күні

2008 ж. « 19 » қараша

Банк ВТБ (Қазақстан)
акционерлік қоғамы еншілес ұйымының

ЖАРҒЫСЫ

Жалғыз акционердің
2015 жылғы 30 қазандағы № 34 шешімімен
бекітілді

Алматы қ., 2015 жыл

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы жарғы (бұдан әрі – «Жарғы»), бұдан әрі «Банк» деп аталатын, Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымының құқықтық мәртебесін, ұйымдастыру және қызмет ету негіздерін, сондай-ақ Банк қызметін тоқтату шарттарын белгілейтін құжат болып табылады.

1.2. Банктің құрылтайшысы және жалғыз акционері болып ВТБ (жария акционерлік қоғам), Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға табылады, орналасқан жері: 190000, Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ., Большая Морская к-сі, 29 үй (бұдан әрі – «Акционер»).

1.3. Банктің атауы:

1.3.1. Банктің толық атауы:

мемлекеттік тілде – Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы;

орыс тілінде – Дочерняя организация Акционерное общество Банк ВТБ (Казахстан);

ағылшын тілінде – VTB Bank (Kazakhstan) Subsidiary Joint Stock Company.

1.3.2. Банктің қысқаша атауы:

мемлекеттік тілде – Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ;

орыс тілінде – ДО АО Банк ВТБ (Казахстан);

ағылшын тілінде – Subsidiary JSC VTB Bank (Kazakhstan).

1.4. Банк заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншік құқығында оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алуға және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар. Банк шектелмеген мерзімге құрылады.

Банктің өз атауы бар мөрі, бланкілері, эмблемалары және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

Банктің тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі), мөртабандары және оның жекеленуі (сәйкестендірілуі) және оның қызмет етуі үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

Банктің Ғаламтор желісінде корпоративтік (ресми) WEB-сайты бар, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Банк және оның қызметі туралы ақпаратты ашуға арналған.

Банктің корпоративтік (ресми) WEB-сайтының мекенжайы – www.vtb-bank.kz.

1.5. Банк Басқармасының орналасқан жері: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «В».

1.6. Банк Акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялар құнының шегінде, Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, солай мемлекет өзіне мұндай жауапкершілікті алған жағдайларды қоспағанда, мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.7. Банк Органдары болып мыналар табылады:

1.7.1. жоғары орган – Банк Акционері;

1.7.2. басқару органы – Банктің Директорлар кеңесі;

1.7.3. атқарушы орган – Банк Басқармасы;

1.8. Осы Жарғы Банктің құрылтай құжаты болып табылады. Осы Жарғының талаптары Банктің барлық органдарымен, оның Акционерімен және Банктің қызметкерлерімен орындалуы үшін міндетті.

II. БАНКТИҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ

2.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында, солай оның шегінен тыс жерде өз филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2.2. Банктің филиалы – заңды тұлға болып табылмайтын, Банктің орналасу жерінен тыс жерде орналасқан, Банктің атынан банктік қызметті атқаратын және Банкпен оған берілген құзыреттілігінің шегінде әрекет ететін, Банктің оқшауланған бөлімшесі. Банк филиалының Банкпен бірыңғай балансы, сондай-ақ Банктің атауына толық сәйкес келетін атауы бар.

Банк филиалының бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінде бірнеше мекен-жай бойынша орналасқан жайларды иеленуге құқылы.

2.3. Банктің өкілдігі - заңды тұлға болып табылмайтын, Банктің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, Банктің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін және банктік қызметті жүзеге асырмайтын, Банктің оқшауланған бөлімшесі.

Қазақстан Республикасының аумағында Банктің филиалын немесе өкілдігін құруға, жабуға жергілікті уәкілетті және атқарушы органдардың келісімі талап етілмейді.

2.4. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Банктің Басқармасымен тағайындалады және Банк берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

III. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

3.1. Банк қызметінің мақсаты банктік қызметті жүзеге асырған кезде кірісті алу болып табылады. Банк қаржы нарығына және қаржы ұйымдарына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі –«Уәкілетті орган») лицензиясы болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

3.2. Банкке банктік қызметке қатысы жоқ немесе «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңының 8-бабы 9-тармағымен (бұдан әрі – «Банктер туралы» ҚР Заңы), «Банктер туралы» ҚР Заңының 30-бабы 12-тармағымен көзделмеген, кәсіпкерлік қызмет ретінде операцияларды және мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу үлестерін немесе акцияларын сатып алуға, «Банктер туралы» ҚР Заңымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдардың қызметін құруға және қатысуға және «Банктер туралы» ҚР Заңының 8-бабы 8-тармағымен көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруына тыйым салынады.

3.3. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықпен мәмілелер жасасуға құқылы емес. Банкпен заңнама талаптарын бұзушылықпен кез келген мәмілелер жасалған жағдайда, аталмыш мәмілелер мүдделі тұлғалардың талап арызы бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте және негіздер бойынша сот тәртібінде жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3.4. Банк Банк Акционерінің акцияларын сатып алуға құқылы емес.

IV. БАНКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН МҮЛКІ

4.1. Банктің жарғылық капиталы Акционердің акцияларды, олардың номиналдық құны бойынша және инвесторлармен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңымен (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы) белгіленген талаптарына сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша төлеу арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Банктің акциялары орналастыру кезінде тек ақшамен төленуі тиіс.

4.3. Банктің жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4.4. Банктің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі. Банктің мүлкін қалыптастыру көздері болып мыналар табылады:

4.4.1. Банктің жарғылық капиталы;

4.4.2. Банк қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздер.

V. БАНКТИҢ АКЦИЯЛАРЫ, ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

5.1. Банк құжаттамалық емес нысанда жай акцияларды шығаруды жүзеге асырады. Банк артықшылықты акцияларды шығаруды жүзеге асырмайды.

Банктің акцияларымен мәміле жасау, Банктің бастамасы бойынша және Банк Акционерінің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банктің акцияларымен басқа да операциялар мен әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банк акциялары ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жасақтау, жүргізу және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк тіркеушісі жүзеге асырады.

5.2. Банк облигациялар шығарылымын жүзеге асырады.

5.3. Облигацияларды орналастыру, төлеп алу және сатып алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

5.4. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, ол орналастырған бағалы қағаздарды мына жағдайларда ғана кепілдікке қабылдауына болады:

5.4.1. кепілге тапсырылатын бағалы қағаздар толық төленсе;

5.4.2. Банкке кепілге тапсырылатын және онда кепілде тұрған акциялардың жалпы саны, Банк сатып алған акцияларды қоспағанда, Банктің орналасқан акцияларының жиырма бес пайызынан артығын құрамаса;

5.4.3. кепіл туралы шарт Банктің Директорлар кеңесімен мақұлданса.

VI. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Банк Акционері:

6.1.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен және (немесе) Банк Жарғысымен көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;

6.1.2. дивидендтер алуға;

6.1.3. Банктің қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Банк Акционерімен немесе Банк Жарғысымен белгіленген тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;

6.1.4. бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын Банктің тіркеушісінен үзінді-көшірмелер алуға;

6.1.5. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6.1.6. Банктің лауазымдық тұлғаларымен Банкке келтірілген шығындардың Банкке орнын толтыру және Банктің лауазымдық тұлғаларымен және (немесе) аффилиирлендірілген тұлғалармен оларды жасауда қызығушылығы бар, ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешімдерін (жасауға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде олармен алынған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы талабымен, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 63 және 74 баптарымен көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;

6.1.7. Банкті тарату кезінде мүліктің бөлігіне;

6.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен белгіленген тәртіпте оның акцияларына ауысатын Банктің акцияларын және өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

- 6.1.9. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 6.1.10. Банктің органдары қабылдаған шешімдерді сотта даулауға;
- 6.1.11. Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және Банкке сауал түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 6.1.12. өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуді талап етуге;
- 6.1.13. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен көзделген тәртіпте Банктің акциялар көлемін өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға құқылы;
- 6.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтары болады.
- 6.2. Банк Акционері:
- 6.2.1. акцияларды төлеуге;
- 6.2.2. он күн ішінде Банк акцияларын ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы Банк тіркеушісін хабарландыруға;
- 6.2.3. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Банк және оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 6.2.4. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерін орындауға міндетті.

VII. БАНКТИҢ ПАЙДАСЫ МЕН ДИВИДЕНДТЕРІ

7.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеуден кейінгі Банктің таза кірісі Банктің Акционерімен белгілеген тәртіпте пайдаланылады.

7.2. Банктің жай акциялары бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жылдың қорытындылары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім тиісті кезеңге Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана Акционермен қабылданады. Акционердің тоқсан, жартыжылдық немесе жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденттің мөлшері көрсетіледі.

Банктің акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің акциялар бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу, мұндай төлеу Банктің жарияланған акцияларымен және Акционердің жазбаша келісімі болған кезде, онымен шығарылған облигацияларымен жүзеге асырылған кезде ғана рұқсат етіледі.

Банк Акционері Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді, шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні

ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында оны міндетті түрде жариялап, қабылдауға құқылы.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімінде келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасу жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивиденттер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденттің мөлшері;
- 4) дивиденттерді төлеуді бастау күні;
- 5) дивиденттерді төлеудің тәртібі мен түрі.

7.3. Дивиденттер орналастырылмаған немесе Банктің өзімен сатып алынбаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сотпен немесе Банк Акционерімен оны жою туралы шешім қабылданса, дивиденттер есептелмейді және төленбейді.

Банктің жай акциялары бойынша дивиденттерді есептеу рұқсат етілмейді:

1) меншік капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Банктің меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденттер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Банк банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіз және дәрменсіз белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер оның акциялары бойынша дивиденттерді есептеу нәтижесінде Банкте пайда болса;

Егер динамикалық резервтің нақты мөлшері салықтар мен бюджетке түсетін өзге де міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы жетекшілікті жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісе отырып, уәкілетті органмен белгіленген ең төменгі мөлшерден кем болса, Банк жай акциялар бойынша дивиденттер есептеуге (төлеуге) құқылы емес.

7.4. Банк Акционері Банктің берешегінің пайда болуы мерзімінен тәуелсіз алынбаған дивиденттерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивиденттерді, оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төлемеу жағдайында Банк Акционеріне дивиденттердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасынан есептелетін өсімпұл төленеді.

VIII. БАНКТИҢ РЕЗЕРВТЕРІ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫ

8.1. Банк банктік қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындарды өтеу мақсатында динамикалық резервті қалыптастырады. Динамикалық резервтің қалыптасуы салықтар мен бюджетке түсетін өзге де міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы жетекшілікті жүзеге

асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, уәкілетті органмен белгіленетін тәртіпте және шарттармен жүзеге асырылады. Динамикалық резерв жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін құрылады.

8.2. Банк қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін, таза кірісінің есебінен, Банк Акционерінің шешімі бойынша тиісті нысаналы қорлары, соның ішінде Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасының өзге де талаптарына сәйкес, Банк үшін қажетті және міндетті қорлар құрылуы мүмкін.

8.3. Банктің қорларын пайдалану тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен белгіленеді.

8.4. Жүргізілетін операциялардың сипатына және көлеміне сәйкес өз қызметіне бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қорлар (резервтер) құруға міндетті.

IX. БАНК АКЦИОНЕРІ

9.1. Банктің жоғары органы болып Банк Акционері табылады.

9.2. Банк Акционерінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

9.2.1. Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

9.2.2. Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

9.2.3. Банкті ерікті қайта құру немесе тарату;

9.2.4. Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

9.2.5. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;

9.2.6. Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімді қабылдау;

9.2.7. Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешімді қабылдау;

9.2.8. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акциялардың құнын оларды Банк сатып алған кезде белгілеу әдістемесінің өзгерістерін бекіту.

9.2.9. Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің, олар өздерінің міндеттерін орындауы үшін, сыйақы және шығыстарының өтемақысын төлеу мөлшерін және шарттарын белгілеу, Банктің Директорлар кеңесі туралы Ережесін, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді қоса алғанда, бекіту;

9.2.10. Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

9.2.11. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

9.2.12. есептілік қаржылық жылдағы Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін бекіту;

9.2.13. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;

9.2.14. өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Банктің қатысуы туралы немесе өзге заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан жиынтығы Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да артық соманы құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы шығу туралы шешімді қабылдау;

9.2.15. Банк Акционеріне Банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін, соның ішінде егер Банк Жарғысымен бұндай тәртіп белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;

9.2.16. сомалары Банк активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен 50 және астам пайыз құрайтын, Банктің ірі мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;

9.2.17. Банктің Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде сыйақы және (немесе) Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің өз функцияларын орындауына байланысты шығындарын өтеу мөлшерлері және төлеу туралы шешім қабылдау;

9.2.18. шешім қабылдауы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен және/немесе Банк Жарғысымен Банк Акционерінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.3. Егер басқа «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен көзделмесе, Банктің өзге органдарының, лауазымдық тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыреттілігіне олар бойынша шешім қабылдау Банк Акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді тапсыруға рұқсат етілмейді.

Банк Акционері Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөнінде Банктің өзге органдарының кез келген шешімін жоюына құқылы.

9.4. Банк Акционерінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде және тәртіпте жазбаша түрде ресімделуге жатады.

X. БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Банктің Директорлар кеңесі Банк Акционерінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

10.2. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттілігіне келесі мәселелер жатады:

10.2.1. Банк қызметінің және Банктің даму стратегиясының басым бағыттарын анықтау, немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту; Банктің даму стратегиясын, оның ішінде Банктің даму стратегиясын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты уәкілетті алқа органын (бұдан әрі – УАО) белгілеумен Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейін бекіту; УАО белгілеумен тәуекелдердің жол берілетін деңгейін, Банк тәуекелдерінің жол берілетін деңгейлерін анықтау және есептеу әдістемесінің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты тұлғаны белгілеу және бекіту туралы шешім қабылдау, сонымен қатар тәуекелдердің жол берілетін деңгейлерін есептеудің нәтижелері туралы есептерді алу және оларды Банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейімен салыстыру; Банктің даму стратегиясының орындалуына мониторинг және Банктің даму стратегиясының ағымдағы және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және қаржылық әлеуетіне, сонымен қатар Банктің даму стратегиясының орындалуына мониторинг және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру, сонымен қатар Банктің даму стратегиясының ағымдағы және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және қаржылық әлеуетіне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалау үшін жауапты УАО анықтаумен жүзеге асыру, сонымен қатар УАО мониторингілеу және бағалау нәтижелері жөніндегі есебін тыңдау, сәйкессіздіктер анықталған жағдайда УАО Банктің даму стратегиясына тиісті өзгерістер мен толықтырулар жобасын дайындауды тапсыру туралы шешім қабылдау;

10.2.2. Банктің сәйкес жылға арналған бизнес-жоспарын (бюджетін), сондай-ақ оларға түзетулерді бекіту, сәйкес жылға арналған бюджеттің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, сонымен қатар жоспарлы және іс жүзіндегі көрсеткіштердің арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда түсініктемелерді қамтитын бюджеттің атқарылуы туралы есептерді даярлауға жауапты УАО анықтаумен оның орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

10.2.3. акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар мөлшерінің шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың мөлшері, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.4. орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Банкпен сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;

10.2.6. Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау және оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10.2.7. Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10.2.8. Банк Басқармасы басшысының және мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекті өтеу және сыйлықақы беру шарттарын, сондай-ақ еңбек шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде төленетін өтемақылардың мөлшерлерін белгілеу, Банк Басқармасы туралы Ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10.2.9. Банктің Директорлар кеңесі Комитеттерін құру және тарату, олардың санын анықтау, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі Комитеттерінің сандық және жеке құрамын белгілеу, Банктің Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы Ережелерін, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10.2.10. Банктің Ішкі аудит басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Банктің Ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібін, Банктің Ішкі аудит басқармасы қызметкерлерінің еңбекті өтеу және сыйлықақы төлеу мөлшерлері мен шарттарын белгілеу;

10.2.11. Қаржылық есептілігінің аудиті үшін, аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміленің нысаны болып табылатын, мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін белгілеу;

10.2.12. Банк Басқармасының мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеуге келісім беру;

10.2.13. Банктің Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, сондай-ақ Банктің Корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақысы мөлшері мен сыйлықақы беру шарттарын белгілеу;

10.2.14. бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу жөнінде шартты жасау туралы шешімді тіркеушімен бірге қабылдау;

10.2.15. ВТБ Тобындағы басқарудың матрицалық жүйесіне қатысты құжаттарды Банктің ішкі құжаттары ретінде бекіту;

10.2.16. Банктің Бас комплаенс-бақылаушысын тағайындау және лауазымынан босату;

10.2.17. Банктің резервтері мен қорларын пайдалану тәртібін анықтау;

10.2.18. тәуекелдерді басқару, аудит, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарын УАО арқылы ұстану мәселелеріне мониторингті және бақылауды жүзеге асыру;

10.2.19. түрлі мәселелер бойынша бір және (немесе) бірнеше УАО құру туралы шешім қабылдау;

10.2.20. Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар мен саясаттарды (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

10.2.21. аукциондарды өткізу және Банктің құнды қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.22. Банк қызметкерлерін ынталандыру және еңбек ақысын төлеу жүйесінің қағидаттары туралы ішкі құжатты, сонымен қатар Банктің басшылық жүргізуші қызметкерлері мен Банктің Директорлар Кеңесіне

тікелей есеп беретін Банк қызметкерлеріне сыйақылар төлеудің тәртібін анықтайтын ішкі құжатты бекіту;

10.2.23. Банктің ішкі құжаттарын бекіту жөніндегі Банктің құзыретті органдары мен лауазымды тұлғаларын анықтайтын ішкі құжатты бекіту, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банктің ішкі құжаттарын бекіту жөніндегі Банктің құзыретті органдары мен лауазымды тұлғаларын анықтайтын ішкі құжатты әзірлеуге жауаптыны, УАО сәйкес Банктің ішкі құжаттарымен уәкілетті тұлғаны анықтау;

10.2.24. Банк Жарғысының болуын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сонымен қатар Банк Жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне, сонымен қатар мониторингтің қорытындылары бойынша Банк Жарғысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне мониторинг және бақылау жасау үшін жауапты УАО анықтаумен Жарғыны өзекті күйде ұстау, УАО есебін тыңдау және қажет болған жағдайда УАО Банктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жобасын дайындауды тапсыру туралы шешім қабылдау;

10.2.25. Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекіту, ұйымдастырушылық құрылымның жобасын әзірлеуге және ұйымдастырушылық құрылымының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және Банктің қаржылық әлеуетіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін мониторингілеуге жауапты УАО анықтаумен ұйымдастырушылық құрылымының Банк қызметінің мөлшеріне, құрылымына, сипаттамасына және күрделілік деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету, сонымен қатар мониторинг қорытындылары бойынша УАО есебін тыңдау және қажет болған жағдайда УАО Банктің ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер мен толықтырулар жобасын дайындауды тапсыру туралы шешім қабылдау;

10.2.26. Банктің кадрлық саясатын бекіту және Банктің кадрлық саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, оның Банктің даму стратегиясы мен ұйымдастырушылық құрылымына, Банктің тәуекелдер профиліне, қол жеткізген нәтижелеріне және Банктің кадрлық саясатының Банктің даму стратегиясы мен ұйымдастырушылық құрылымына, Банктің тәуекелдер профиліне, қол жеткізген нәтижелеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мониторингілеуге жауапты УАО анықтаумен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

10.2.27. Банктің есеп саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің есеп саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің есеп саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.28. Банктің тарифтік саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің тарифтік саясатын бекіту,

сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің тарифтік саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.29. Банктің кредиттік саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің кредиттік саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің кредиттік саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.30. Банкпен Банктің жеке капиталының бес пайызынан асатын қарыздар берудің мақсаттылығын алдын-ала талдауға және бағалауға жауапты УАО анықтаумен Банктің жеке капиталының бес пайызынан асатын қарыздар берудің мақсаттылығын талдауды және бағалауды жүзеге асыру; Банктің жеке капиталының бес пайызынан асатын қарыздар беру туралы шешім қабылдау;

10.2.31. Банктің өтімділік тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің өтімділік тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің өтімділік тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.32. Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.33. Банктің капиталын басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің капиталын басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің капиталын басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.34. Банктің табыстылығын басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің табыстылығын басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің табыстылығын басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.35. Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.36. Банк қызметінің үзілмеуін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банк қызметінің үзілмеуін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банк қызметінің үзілмеуін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау, күтпеген жағдайларда Қаржыландыру жоспарын; Банк қызметінің үзілмеуін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды (жоспарларды) бекіту;

10.2.37. Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.38. Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.38. Банктің комплаенс-тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, Басқармамен Банктің комплаенс-тәуекелін басқару саясатының орындалуын мониторингілеуге және тиімділігін бағалауға, комплаенс-бағдарламаның (жоспардың) жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, сонымен қатар комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын анықтау тәсілдері мен тәртібін белгілейтін ішкі құжат жобасын әзірлеуге жауапты УАО анықтаумен Банктің комплаенс-тәуекелін басқару саясатын бекіту, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторинг және бақылау;

10.2.40. Банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібінің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына жауапты УАО анықтаумен банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібін бекіту, Банк Басқармасының банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау жөніндегі қызметін мониторингілеу және бақылау, сонымен қатар мониторинг және бақылау қорытындылары бойынша УАО есебін тыңдау және қажет болған жағдайда Банктің банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау жөніндегі жұмысын жетілдіру жөнінде шаралар қолдану;

10.2.41. Банктің ішкі бақылау саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, сонымен қатар Банк Басқармасымен Банктің ішкі бақылау саясатының орындалуына мониторингілеуге және тиімділігін бағалауға жауапты УАО анықтаумен Банктің ішкі бақылау саясатын бекіту;

10.2.42. Олар арқылы Банктің қызметкерлері Банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдерді белгілейтін ішкі құжаттың жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына, сонымен қатар олар арқылы Банктің қызметкерлері Банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдердің тиімділігін мониторингілеуге жауапты УАО анықтаумен олар арқылы Банктің қызметкерлері Банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдерді белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.43. Банктің ішкі аудит саясатын, Банктің Ішкі аудиторының этика кодексін, Ішкі аудит басқармасы туралы ережені, төмендегілерге жауапты УАО анықтаумен ішкі аудиттің жылдық жоспарын бекітуге:

- Банктің ішкі аудит саясатының және Банктің Ішкі аудиторының этика кодексінің жобаларын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;

- Банктің Ішкі аудит басқармасы құрамының санын анықтауды қоса алғанда, Банктің Ішкі аудит басқармасы туралы Ереженің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;

- Банк бюджетінің жобасын қарау кезінде Банктің Ішкі аудит басқармасының ресурстарының жеткіліктілігін қамтамасыз етуге;

- Банктің Ішкі аудиті жылдық жоспарының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;

- Банктің Ішкі аудит басқармасының басшысы мен Банктің Ішкі аудит басқармасының қызметкерлерін тағайындау (қайта тағайындау, лауазымынан босату) жөніндегі ұсынымдарды дайындауға;

- Банкте Банктің ішкі аудит саясатын енгізуді қамтамасыз етуге;

- Банктің Ішкі аудит басқармасының басшысын қоса алғанда, ішкі аудит функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлерді көтермелеу және сыйақы беру туралы ұсынымдарды дайындауға;

- Банк Басқармасымен ішкі және сыртқы аудит мәселелері жөнінде өзара әрекеттесуін және қызметті үйлестіруін Банктің Ішкі аудит басқармасымен қамтамасыз етуге;

- ішкі аудит нәтижелері туралы есепті (қысқаша есепті) қарауға;

10.2.44. Ішкі аудит басқармасының жұмыс жоспарын, сонымен қатар Банктің Ішкі аудит басқармасының есептерін қарау;

10.2.45. – Банктің сыртқы аудитін тарту саясатын (рәсімін) әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;

- Банктің сыртқы аудиторын тағайындау, қайта тағайындау және қызметтерінен босату жөніндегі ұсынымдарды және Банктің сыртқы аудиторымен шарттың шарттарын бағалау және талдау жөніндегі тұжырымдама дайындауға;

- Банктің қаржылық есептілігін жыл сайынғы міндетті сыртқы аудит үдерісін үйлестіруге және бақылауға жауапты УАО анықтаумен Банктің сыртқы аудитін тарту саясатын (рәсімін) бекіту;

10.2.46. Банктің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның тұжырымдамаларын қарау, аудиторлық ұйыммен, бақылаушы органдармен өткізілетін тексерістердің қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау;

10.2.47. – Банктің Директорлар кеңесіне Банк пен оған бағынысты ұйымдардың қызметі туралы басқарушылық ақпаратты ұсыну тәртібін анықтайтын ішкі құжаттың жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынылуына;

- басқарушылық ақпарат жүйесінің ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, Банктің тәуекелдер профиліне, қызметінің түрлері

мен күрделілік деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етуге жауапты УАО анықтаумен, басқарушылық ақпарат жүйесінің болуын және қолданылуын қамтамасыз ету;

10.2.48. - Банктің даму стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын олар бекітілгеннен және (немесе) өзгерістер енгізілгеннен кейін өздерінің міндеттерін тиімді жүзеге асыру мақсатында оларға бекітілген учаскелер бойынша Банктің басшылық қызметкерлеріне және Банктің қызметкерлеріне жеткізу тәртібінің жобасын әзірлеуге;

- Банктің басшылық қызметкерлерімен және Банктің қызметкерлерімен Банктің даму стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын олар бекітілгеннен және (немесе) өзгерістер енгізілгеннен кейін Банктің басшылық қызметкерлеріне және Банктің қызметкерлеріне жеткізу тәртібінің талаптарын ұстануын мониторингілеуге жауапты УАО анықтаумен, Банктің басшылық қызметкерлерімен және Банктің қызметкерлерімен Банктің даму стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын жеткізуді қамтамасыз ету;

10.2.49. Банктің реттеу есептілігінің толықтығын, дұрыстылығын және уақытында қалыптастырылуын және ұсынылуын мониторингілеуге және бақылауға жауапты УАО анықтаумен Банктің реттеу есептілігінің толықтығын, дұрыстылығын және уақытында қалыптастырылуын және ұсынылуын мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асыру;

10.2.50. Банк Басқармасының қызметін мониторингілеуді, бақылауды және бағалауды жүзеге асыру, төмендегілерді қосатын, бірақ олармен шектелмейтін Банк Басқармасының қызметін бағалау критерийлерін бекіту:

– Банк қызметінің Банктің даму стратегиясына, саясаттарына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкестігі;

– Банктің қаржылық жағдайының тұрақтылығы;

– банктік операциялардың тиімділігі;

– Банктің банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау жөніндегі жұмысының сапасы;

– Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ұстану;

– Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға жауапты УАО анықтау;

10.2.51. Банк Басқармасының кәсіби деңгейінің Банк қызметінің түрлеріне, күрделілік деңгейіне және оның тәуекелдер профиліне сәйкестігін мониторингілеуді жүзеге асыру;

10.2.52. Банктің басқарушылық ақпаратын алу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк қызметінің нәтижелері туралы Банк Басқармасының жыл сайынғы есебін қоса алғанда есептерін қарау, ол мынадай сұрақтарға жауап береді (бірақ олармен шектелмейді):

– Банк Басқармасымен Банктің даму стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу туралы, оларға қол жеткізуге кедергі жасайтын себептер болған кезде;

- Банк пен оған бағынысты ұйымдардың жұмыс істеуінің ішкі және сыртқы шарттарын және олардың өзгерістерін бағалау туралы;
- Банк қызметінің Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген даму стратегиясы мен саясаттарына сәйкестігі туралы;
- Банк кірісінің тұрақтылық/құбылмалылық деңгейі туралы;
- Банктің кірісі Банктің даму стратегиясын іске асырудың нәтижесі немесе қысқа мерзімді кірісті ұлғайтатын, бірақ ұзақ мерзімді перспективада тәуекел тудыратын Банк операцияларының нәтижесі болып табылатынын белгілеу бөлігінде Банктің кірісі туралы;
- Банк Басқармасына дұрыс емес, толық емес немесе рұқсат берілмеген операцияларды, активтердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметте жетіспеушіліктерді, Банктің қаржылық және реттеулік есептілігін құрастырудағы қателіктерді, Банктің ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды уақытында анықтауға, мүдделердің шиеленістерін және ішкі асыра қолданушылық пен алаяқтыққа, байланысқан құрылымдардың қатынастарында асыра қолданушылықты болдырмауға мүмкіндік беретін бөлігінде ішкі бақылаудың жағдайы туралы;
- Банк Басқармасымен Банкке тән тәуекелдерді басқарудың тиімділігі туралы;
- Банкті және оның тәуекелдерін басқаруға арналған ішкі модельдер мен ақпараттық жүйелердің жағдайы және жеткіліктілігі, қажет болған жағдайда оларды оңтайландырудағы мұқтаждықтарды көрсетумен, олардың Банкке тән тәуекелдерді сәйкестендіруді, өлшеуді, бағалауды және басқаруды тиімді жүзеге асыру қабілеті туралы;
- өзінің тәуекел-профилін және даму стратегиясын қолдау үшін Банк капиталының жеткіліктілігін бағалау туралы;
- Банктің қаржылық жағдайын толық, нақты және сенімді бағалауды көрсету мақсатында қаржылық есептіліктің жағдайы туралы;
- уәкілетті органға уақыттылығын, сенімділігін және толықтығын тексеру мақсатында реттеу есептілігінің ұсынылуын бақылау және мониторингілеу туралы;
- қызмет нәтижелері мен ағымдағы тәуекел-профилінің Банктің даму стратегиясымен анықталған тәуекелдің рұқсат берілген деңгейіне сәйкестігі туралы;
- Банк Басқармасымен комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше, ішкі бақылау, ішкі, сыртқы аудит және уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктерді жоюдың уақыттылығы, толықтығы және сапасы туралы;
- Банк Басқармасымен комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшенің, ішкі аудиттің, сонымен қатар сыртқы және ішкі аудиттің және Уәкілетті органның ұсынымдарының орындалуы туралы;
- Банктің қызметін жақсартуға бағытталған әрбір сұрақ бойынша шешім қабылдау және нақты шараларды әзірлеудің және (немесе) іске

асырудың қажеттілігін, жауапты тұлғалар мен оларды орындау мерзімдерін көрсетумен Банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар УАО Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруды жүктеу.

10.2.53. Банктің саясаттары мен басқа да ішкі құжаттарының даму стратегиясына, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мониторингілеуге және бағалауға жауапты УАО анықтаумен, Банктің саясаттары мен басқа да ішкі құжаттарының даму стратегиясына, ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

10.2.54. Банктің Корпоративтік хатшысына Банктің Директорлар кеңесінің отырысына шығарылған сұрақтар тізбесі мен Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы мәліметтің уәкілетті органға уақытында ұсынылуын қамтамасыз етуді тапсыра отырып, Банктің Директорлар кеңесінің отырысына шығарылған сұрақтар тізбесі мен Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы мәліметтің уәкілетті органға ұсынылуын қамтамасыз ету.

10.2.55. стресс-тестілеу сценарийлерін бекіту.

10.2.56. Банктің филиалдары мен өкілеттіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, және олар туралы бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінде бірнеше мекен-жай бойынша филиалдардың қосымша жайларын ашу және жабу туралы ережелерді бекіту;

10.2.57. Банкпен өзге заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да астам пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

10.2.58. он және одан да астам пайызы (жарғылық капиталда қатысу үлестері) Банкке тиесілі, заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты, қызметінің мәселелері жөнінде шешім қабылдау;

10.2.59. Банктің, оның меншік капиталының мөлшерінің он және одан да астам пайызын құрайтын шамаға міндеттемелерін көбейту;

10.2.60. Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты белгілеу;

10.2.61. сомасы Банк активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен 25 пайызынан артық және 50 пайызынан кем құрайтын, Банкпен ірі мәмілелерді және (немесе) жасауда Банктің мүдделілігі бар, мәмілелерді және Банкпен айрықша қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

10.2.62. ВТБ Тобының компанияларында белгіленген бірыңғай стандарттарды қолдау үшін бақылауды қамтамасыз ету;

10.2.63. Банкке Банктің лауазымдық тұлғаларымен келтірген шығындардың орнын толтыру және Банкке Банктің лауазымдық

тұлғаларымен және/немесе аффилиирлендірілген тұлғаларымен ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар, мәмілелерді жасау (жасауға ұсыныстар) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде олармен алынған пайданы (кірісті) қайтару туралы шешімдер қабылдау;

10.2.64. Банктің меншікті капиталынан он пайыздан жоғары құнымен кепілге немесе басқа да ауыртпалық нысанына Банк активтерін тапсыру бойынша мәмілені алдын-ала бекіту;

10.2.65. Банктің Бас бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбек ақы төлеу шарттарын айқындау;

10.2.66. Банк Акционерінің ерекше құзыреттілігіне жатпайтын, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, «Банктер туралы» ҚР Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен, Банктің Директорлар кеңесі туралы Ережемен және (немесе) Жарғымен көзделген өзге де мәселелер.

10.3. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер Банк Басқармасына шешу үшін тапсырылуы мүмкін болады.

Банктің Директорлар кеңесі Банктің Жарғысына сәйкес Банк Басқармасының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер жөнінде шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Банк Акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

10.4. Аса маңызды сұрақтарды қарастыру және Банктің Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Банкте Банк Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылады. Банктің Директорлар кеңесінің Комитеттері келесі сұрақтарды қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйлықақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік сұрақтар;
- 5) Банктің ішкі құжаттарымен көзделген өзге сұрақтар.

Осы тармақта келтірілген сұрақтарды қарастыру Банк Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше Комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Банктің Директорлар кеңесінің Комитеттері Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің Комитетін Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына Банк Жарғысының 10.4-тармағының бірінші бөлімінің 1)-4) тармақшаларында көзделген сұрақтарды қарастыру кіретін Банк Директорлар кеңесінің комитеттерінің жетекшілері (төрағалары) болып тәуелсіз директорлар табылады.

Банк Басқармасының Төрағасы Банк Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы бола алмайды.

Банк Директорлар кеңесі Комитеттерінің қалыптасу және жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

10.5. Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады. Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және (немесе) Банктің Жарғысына сәйкес, оған жүктелген функцияларды өзге тұлғаларға тапсыруға құқылы емес. Банк Басқармасының Төрағасынан басқа Банк Басқармасының мүшелері Банк Директорларының Кеңесіне сайланыла алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланыла алмайды.

Банк Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем емес құрауы тиіс. Банк Директорлар кеңесінің құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Банк Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе мүшесі лауазымына келесі тұлғалар сайлануы мүмкін емес:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

3) «Банктер туралы» ҚР Заңының 20 бабымен белгіленген, тізбесі Уәкілетті органмен белгіленетін халықаралық қаржы ұйымдарындағы жұмыс өтілі және (немесе) қаржы қызметтерін ұсыну және /немесе реттеу және/немесе қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсыну және /немесе реттеу саласында жұмыс өтілі жоқ;

4) бұрын Уәкілетті органмен қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын мәжбүрлеп жою немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдауына дейін бір жылдан артық емес кезеңде, Директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтер, ірі қатысушы - жеке тұлға, ірі қатысушының (банктік холдингінің) бірінші басшысы – қаржы ұйымының заңды тұлғасы болып табылғандар. Аталған талап Уәкілетті органмен қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаржы ұйымын мәжбүрлеп жою немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдаудан кейін бес жыл ішінде қолданылады.

5) осы тұлға өзге қаржы ұйымында басшы қызметкері лауазымында болған кезде басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімі кері қайтарылған. Аталған талап Уәкілетті органмен басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері шақыру туралы шешім қабылдаудан кейін соңғы он екі жүйелі келген айлардың ішінде қолданылады.

Банктің Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер өзге Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделмесе, шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттігінің мерзімін Банк Акционері белгілейді. Банк Акционері Банктің Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтауға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшесінің, оның бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Банк Директорлар кеңесінің жазбаша ескертуінің негізінде жүзеге асырылады.

Банктің Директорлар кеңесінің бұндай мүшесінің өкілеттіктері Банк Директорларының Кеңесі аталған хабарландыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Банктің Акционерімен жүзеге асырылады, сонымен қатар Банктің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері Банктің Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі аяқталумен бір уақытта тұтас аяқталады.

10.6. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің санынан Банк Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санынан жабық дауыс берумен дауыстардың көпшілігімен сайланады.

Банктің Директорлар кеңесі кез келген уақытта Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ Банктің Жарғысымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған кезде, оның міндеттерін Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі атқарады.

10.7. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасымен немесе төмендегілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің Ішкі аудит басқармасының;
- 3) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Банк Акционерінің.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Банк Директорлар кеңесінің ұсынылатын күн тәртібі бар, тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылады.

Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті, Банк Басқармасына жүгінуге құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Банктің Басқармасымен шақыру туралы талап түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей шақырылуы тиіс.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да астам пайызына ие (жиынтығында ие) Банк Акционері (акционерлері) Банктің лауазымдық тұлғаларымен Банкке келтірілген шығындарының Банкке орнын толтыру және Банктің лауазымдық тұлғаларымен және (немесе) аффилиирленген тұлғалармен оларды жасауда қызығушылығы бар, ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешімдерін (жасауға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде олармен алынған пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы мәселені Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісіне шығару талабымен Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына жүгінген жағдайда, Банктің Директорлар кеңесінің мұндай ашық мәжілісі бұндай өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасымен шақырылуы тиіс;

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.

Банктің Директорлар кеңесінің ашық отырысы видеоконференция арқылы өткізілуі мүмкін.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарлама Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу күніне дейін үш күнтізбелік күннен кеш емес жіберілуі тиіс, және оның ішінде мәжілісті өткізу күні, уақыты және өтетін жері туралы мәліметтер, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесінің күн тәртібі болуы тиіс.

Күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжілісті өткізу күніне дейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылады.

Ірі мәмілелерді және (немесе) жасауда мүдделілігі бар, мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселені қарастыру жағдайында мәміле туралы ақпаратқа мәміленің тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі («Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 69 бабының 1 тармағымен көзделген жағдайда) кіруі тиіс. Банкпен мәміле жасасуда мүдделі тұлғалар үш жұмыс күн ішінде Банктің Директорлар кеңесіне олардың мәміледегі тарап болып табылатыны немесе онда өкіл немесе делдал ретінде қатысатыны туралы ақпарат жеткізуге міндетті.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісінде өзінің қатысуының мүмкін еместігі туралы Банк Басқармасын ертерек хабарландыруы тиіс.

Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем емес. Егер Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы саны Жарғымен белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Банктің Директорлар

кеңесі БанкАкцияеріне Банктің Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мақсатымен жүгінуге міндетті. Банктің Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Банк Акцияеріне тек қана осындай жүгіну туралы шешім қабылдауға құқылы.

Банктің Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері, егер өзге «Акцияерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен көзделмесе, мәжілісте отырысқа қатысып отырған, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Банктің Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісінде төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.8. Банктің Директорлар кеңесінің, оның ашық тәртіпте өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдері Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізу күнінен бастап қабылданған деп саналады, және ол жасалған және оған мәжілісте төрағалық еткен тұлға және Банктің Корпоративтік хатшысы мәжілісті өткізу күнінен бастап үш күн ішінде қол қоюы және және онда мыналар болуы тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы мен орналасу жері;
- 2) мәжілісті өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) мәжілісте қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған сұрақтар және олар бойынша Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әр сұрағы бойынша Банктің Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

10.9. Банктің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер жөніндегі шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болу кезінде қабылданды деп танылады. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі мәселелері жөнінде сырттай дауыс беруді өткізу үшін, бірыңғай нысанындағы дауыс беруге арналған бюллетеньдері таратылады.

Бюллетеньде:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасу жері;
- 2) дауыс беруді жүргізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты және бір мағыналы құрылған сауал (сауалдар);
- 5) «қарсы емес» немесе «қарсы» сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетеньдерді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер болуы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеніне Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі қол қою тиіс. Дауыстарды санау кезінде Банктің Директорлар кеңесінің мүшесімен бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі белгіленген сұрақтар бойынша дауыстар есепке алынады.

Банктің Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Банктің Корпоративтік хатшысы қол қоюы тиіс.

Шешімді рәсімдеу күнінен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешімқабылдануына негіз болған, бюллетеньдердің көшірмелерін қоса берумен Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне бағытталуы тиіс.

10.10. Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері Банкте сақталады.

Банктің Корпоративтік хатшысы Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша, оған Банктің Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін танысу үшін ұсынуға және/немесе оған Банктің Корпоративтік хатшысының қолымен және Банк мөр таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімінен үзінді-көшірме беруге міндетті.

10.11. Банктің Директорлар кеңесінің мәжілісінде қатыспаған немесе «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен және Банктің Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұзып, Банктің Директорлар кеңесінің қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген, Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі оған сотта қарсы болуға құқылы.

10.12. Банк Акционері егер осы аталған шешіммен Банктің және (немесе) Банк Акционерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының және Банктің Жарғысының талаптарын бұзумен қабылданған, Директорлар кеңесінің шешіміне сотта қарсы болуға құқылы.

XI. БАНК БАСҚАРМАСЫ

11.1. Банк басқармасы Банктің ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

Банк Басқармасының құрамы, Банк Басқармасы мүшелерінің еңбегін өтеу мөлшері мен шарттары, сондай-ақ Банк Басқармасы мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімі Банктің Директорлар кеңесімен белгіленеді.

11.2. Банк Басқармасы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Банктің Жарғысымен Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Банк Басқармасы мүшесімен дауыс құқығын өзге

тұлғаға, соның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне тапсыру рұқсат етілмейді.

Банк Басқармасы Банк Акционері мен Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.3. Банк Басқармасы:

11.3.1. Банктің Директорлар кеңесіне қарау үшін және Банк Акционеріне қарау және бекіту үшін есептілік жылға жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті ұсынады;

11.3.2. Банктің бизнес-жоспарының (бюджетінің) жобасын, сондай-ақ олардың түзетулерін дайындайды және ұсынады;

11.3.3. Банк Акционері мен Банктің Директорлар кеңесінің жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды жасайды;

11.3.4. Банк Жарғысына сәйкес Банк Акционерімен немесе Банктің Директорлар кеңесінің қарауына жататын, мәселелерді алдын ала, берілген өкілеттіктерінің аясында қарастырады және олар бойынша Банк Басқармасының дербес және сандық құрамына және Банк Басқармасы Төрағасы мен Банк Басқармасының мүшелері, Банктің Ішкі аудит басқармасының басшысы мен қызметкерлері, Банктің Корпоративтік хатшысының сыйлықақыларын белгілеумен байланысты мәселелерден басқа, сонымен қатар Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, басқа да өкілетті алқа органдарымен алдын ала қаралуға жататын мәселелерді қоспағанда, олар бойынша тиісті материалдарды, шешім ұсыныстары мен жобаларын даярлайды.

11.3.5. Банктің ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіпте, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің істелген жұмыс нәтижелері жөніндегі есептерін тыңдайды және Банктің құрылымдық бөлімшелерінің істелген жұмыс нәтижелері жөніндегі есептерін қарастыру қорытындылары бойынша шешімдер қабылдайды;

11.3.6. Банктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, сондай ақ олардың өзгерістері мен толықтыруларын бекітеді;

11.3.7. Банк филиалы мен өкілеттігінің қызметкерлерін ынталандыру жүйесін бекітеді;

11.3.8. Банктің құрылымдық бөлімшелері қызметінің тиімділігінің көрсеткіштерін бекітеді және Банктің құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде Банктің филиалдары мен өкілеттіліктері қызметі тиімділігінің көрсеткіштерін бақылауды жүзеге асырады;

11.3.9. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Банктің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін басқару мәселелерін шешеді, Банктің оның пайдалы және тұрақты қызметін қамтамасыз ету мақсатында жедел қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

11.3.10. Банктің қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз етеді;

11.3.11. Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Акционерінің және Банктің Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған құжаттарды қарастырады және бекітеді;

11.3.12. Банк филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларын лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

11.3.13. шешімдер қабылдайды және Банктің барлық қызметкерлерімен орындау үшін міндетті нұсқалар береді;

11.3.14. өз құзыреттілігінің шегінде есепке алу, есептілік, ішкі бақылау мәселелерін шешеді;

11.3.15. Банк Басқармасының жанында комитеттер құрады, Банк Басқармасы жанындағы комитеттер туралы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

11.3.16. Банктің құны Банк активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің құнынан 10 (он) пайыздан асатын және 25 (жиырма бес) пайыздан төмен мүлікті сатып алу немесе Банкпен иеліктен шығару жөніндегі мәмілелерді жасасуы туралы шешімдер қабылдайды;

11.3.17. Банк Жарғысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асырады, сонымен қатар мониторингілеу және бақылау қорытындылары бойынша Банктің Директорлар кеңесінің ұсыныстарымен мониторингілеу және бақылау нәтижелері туралы есепті дайындауды жүзеге асырады;

11.3.18. Банк Басқармасы туралы Ережеге, Банктің басқа да ішкі құжаттарына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне қатысты тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің қызмет ету мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды;

11.3.19. Банктің ұйымдастырушылық құрылымының жобасын әзірлейді және көрсетілген жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады;

11.3.20. ережесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес мазмұндалған Банктің даму стратегиясының жобасын әзірлейді және көрсетілген жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады;

11.3.21. Банктің рұқсат берілген тәуекелдер деңгейін анықтау және есептеу әдістемесін әзірлейді және көрсетілген әдістеменің жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, сонымен қатар кейіннен Банкке тән барлық тәуекелдердің қаржылық және қаржылық емес салдарын бағалаудың нәтижелерін қарау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті есеп дайындау жолымен Банктің рұқсат берілген тәуекелдер деңгейінің Банк бизнесінің мөлшеріне, сипатына және күрделілік деңгейіне сәйкестігін бағалауды жүзеге асырумен Банктің рұқсат берілген тәуекелдер деңгейін анықтау (есептеу) жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, соңғысын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады;

11.3.22. Банктің даму стратегиясының іске асырылуы туралы есепті дайындауды жүзеге асырады, кейіннен қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.23. Банктің кадрлық саясатын әзірлейді, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, оның Банктің даму стратегиясына, ұйымдастырушылық құрылымына, тәуекелдер профиліне, қол жеткізілген нәтижелер мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне мониторингті жүзеге асырады және Банктің және оның қызметкерлерінің кадрлық саясатты ұстануына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады, сонымен қатар оның нәтижелері бойынша есеп дайындайды және оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.24. Банктің есеп саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен оның талаптарының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, сонымен қатар Банкпен және оның қызметкерлерімен есеп саясатының талаптарының ұсталуы туралы есеп дайындайды және оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.25. Банктің тарифтік саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен тарифтік саясаттың ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің тарифтік саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды және оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.26. Банктің кредиттік саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, Банктің кредиттік саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің кредиттік саясатының ұсталуына мониторинг, сонымен қатар Банктің кредиттік портфелінің сапасына мониторинг және талдау өткізеді, және көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен кредиттік саясаттың ұсталуы туралы, сонымен қатар кредиттік портфелінің сапа жағдайы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.27. Банктің өтімділік тәуекелін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және көрсетілген саясатты іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, Банкпен және оның қызметкерлерімен көрсетілген саясаттың ұсталуына мониторинг өткізеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен

өтімділік тәуекелін басқару саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.28. Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, нарықтық тәуекелді басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің нарықтық тәуекелін басқару саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.29. Банктің капиталын басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен капиталды басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, капиталды басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің капиталын басқару саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.30. Банктің табыстылығын басқару саясатын әзірлейді және Банкпен және оның қызметкерлерімен өтімділікті басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша Банктің табыстылығын басқару саясатының жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, Банктің табыстылығын басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің табыстылығын басқару саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.31. Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, операциялық тәуекелді басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің операциялық тәуекелін басқару саясатының ұсталуы туралы есеп

дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.32. Банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен көрсетілген саясаттың ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, Банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар көрсетілген мониторингтің нәтижелері бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясатының ұсталуы туралы есеп дайындайды, кейіннен оны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды;

11.3.33. Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, кейіннен қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар Банктің бюджетін құрастыру кезінде ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару үшін ресурстардың жеткілікті болуын қамтамасыз етеді;

11.3.34. Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, оның қорытындылары бойынша Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатының ұсталуы туралы есепті құрастырады және көрсетілген есепті қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолдайды, Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар Банктің бюджетін құрастыру кезінде ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару үшін ресурстардың жеткілікті болуын қамтамасыз етеді;

11.3.35. Банктің комплаенс-тәуекелін басқару саясатын әзірлейді, кейіннен оның жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады және Банкпен және оның қызметкерлерімен көрсетілген саясаттың ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, Банктің комплаенс-тәуекелін басқару саясатын іске асыру мақсатында Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді

қамтамасыз етеді, Комплаенс-бақылау және қаржылық мониторинг басқармасынан олардың туындау себептерін көрсетумен комплаенс-тәуекелді басқару үдерісінде анықталған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктер, және оларды жою жөніндегі ұсынымдар туралы ақпарат алады және алынған ақпаратты талдаудың нәтижелері бойынша комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған түзету және тәртіптік шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ өткізілген жұмыстың қорытындылары бойынша қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін ақпарат әзірлейді және УАО ұсынады, сонымен қатар комплаенс-бағдарлама (жоспар) жобасын әзірлейді, оны әзірлеудің қорытындылары бойынша көрсетілген жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын анықтау тәсілдері мен тәртібін белгілейтін ішкі құжат жобасын әзірлейді, оны әзірлеудің нәтижелері бойынша көрсетілген жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, сонымен қатар Банктің Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін кез келген маңызды бұзушылықтар (оқиғалар, мәмілелер) туралы жедел ақпарат береді;

11.3.36. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарын ескерумен банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібінің жобасын әзірлейді, және Банкпен және оның қызметкерлерімен аталмыш тәртіптің талаптарының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, тоқсан сайын Банктің Комплаенс-бақылау және қаржылық мониторинг басқармасынан, клиенттердің өтініштері бойынша іс жүргізуге жауапты бөлімшеден және Банктің басқа да бөлімшелерінен алынатын сәйкес ақпаратты талдаудың нәтижелері бойынша Банктің банктік қызметтер көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау жөніндегі жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған түзету және тәртіптік шаралар қолдануды қамтамасыз етеді, сонымен қатар өткізілген жұмыстың қорытындылары бойынша қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ақпарат дайындайды;

11.3.37. Банк қызметін ішкі бақылау саясатын әзірлейді және ішкі бақылау жүйесінің жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша көрсетілген әзірлеудің жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады, ішкі бақылау саясатын іске асыру мақсатында Банктің бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінен алынған олардың туындау себептерін көрсетумен ішкі бақылауды жүзеге асырудың үдерісінде анықталған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктер туралы және оларды жою жөніндегі ұсынымдар туралы ақпаратты талдаудың нәтижелері бойынша Банктің сәйкес ішкі құжаттарын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз

етеді, ішкі бақылау жүйесінің жұмысының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған түзету немесе тәртіптік шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар өткізілген жұмыстың қорытындылары бойынша қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ақпарат дайындайды;

11.3.38. олар арқылы Банктің қызметкерлері Банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдерді белгілейтін ішкі құжатты әзірлейді, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша көрсетілген ішкі құжаттың жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО қарауына ұсынады;

11.3.39. ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы есепті қарайды және талқылайды;

11.3.40. қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескерумен, Банктің сыртқы аудитін тарту саясатын (рәсімін) әзірлеуді, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша сыртқы аудитті тарту саясатының (рәсімінің) жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО қарауына ұсынады;

11.3.41. Банктің Директорлар кеңесімен міндеттердің тиімді орындалуы мақсатында Банктің Директорлар кеңесіне жүйелі түрде Банк пен оған бағынысты ұйымдардың қызметі туралы толық, сенімді және уақытылы ақпарат ұсынуды қамтамасыз ететін басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмысын айқындайтын тәртіпті әзірлейді, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша көрсетілген тәртіптің жобасын қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ұсынады;

11.3.42. Банктің даму стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын олар бекітілгеннен және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өздерінің міндеттерін тиімді жүзеге асыру мақсатында оларға бекітілген учаскелер бойынша Банктің басшылық қызметкерлеріне және Банктің қызметкерлеріне жеткізу тәртібін әзірлейді, және Банкпен және оның қызметкерлерімен аталмыш тәртіптің талаптарының ұсталуына мониторингті жүзеге асырады, көрсетілген әзірлеудің қорытындылары бойынша жобаны қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО жолданады, Банкпен және оның қызметкерлерімен Банктің даму стратегиясын, саясаттарын және басқа да ішкі құжаттарын Банктің басшылық қызметкерлеріне және Банктің қызметкерлеріне жеткізу тәртібінің ұсталуына бақылауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда түзету немесе тәртіптік шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар өткізілген жұмыстың қорытындылары бойынша қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ақпарат дайындайды;

11.3.43. тұрақты негізде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен уәкілеттік берілген органға сенімді және толық реттеу есептілігінің уақытында ұсынылуын бақылауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда түзету немесе тәртіптік шаралар

қабылдауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар өткізілген жұмыстың қорытындылары бойынша қарау және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру үшін УАО ақпарат дайындайды;

11.3.44. өзінің қызметінің нәтижелері туралы Есепті дайындауды жүзеге асырады, кейіннен оны Банк Басқармасының қызметін бағалау үшін Банктің Директорлар кеңесіне жолдайды;

11.3.45. жұмысты жоспарлаудың, банктік операцияларды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдерін жетілдіру жөніндегі ағымдағы мәселелерді қарайды;

11.3.46. Банк Акционерінің және/немесе Банктің Директорлар кеңесінің бірегей құзыретіне жатқызылмаған, оның ішінде Банк Басқармасы туралы Ережемен және Банктің басқа да ішкі құжаттарымен айқындалған басқа да мәселелерді қарайды және шешеді;

11.4. Банк Басқармасының мүшесі Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Банк Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлғаның лауазымына орналасуға құқығы жоқ.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Банк Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Банкпен жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Банктің атынан Банк Басқармасының Төрағасымен еңбек шартына Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе бұған Банк Акционерімен немесе Банктің Директорлар кеңесімен өкілеттік берілген тұлға қол қояды. Банк Басқармасының қалған мүшелерімен еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

11.5. Банк басқармасының Төрағасы:

1) Банк Акционерінің және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Банктің Директорлар кеңесімен және Банктің Жарғысымен, сондай-ақ Банктің өзге де ішкі құжаттарымен оған ұсынылатын, өкілеттіктерінің шегінде Банктің қызметін басқарады;

4) үшінші тұлғалармен оның қарым-қатынастарында Банктің атынан әрекет етуге сенімхаттар береді;

5) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады («Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза белгілейді, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді, Банк Басқармасының, Банктің Ішкі аудит Басқармасының құрамына кіретін қызметкерлерді,

Банктің Корпоративтік хатшысын қоспағанда, Банк қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;

6) өз құзыреттілігінің шегінде бұйрықтар шығарады, орындау үшін міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын бақылайды;

7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарма төраасы орынбасарлары-Басқарма мүшелерінің және Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және олардың банктік операцияларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысын бақылауды жүзеге асыратын Банктің басқа да басшылық қызметкерлерінің міндеттер аясын, қызмет саласын белгілейді, олардың құзыретіне қатысты мәмілелер жасасуға және қаржылық құжаттарға қол қоюға өзінің бұйрығымен оларға өкілеттік береді, қажет болған жағдайда, Банктің құрылымдық бөлімшелері мен жекеленген өкілетті тұлғаларының арасында тапсырмаларды тікелей бөледі;

9) Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген Банктің ұйымдастырушылық құрылымының негізінде Банктің штаттық кестесін бекітеді;

10) Банк Басқармасымен бекітілген Банк филиалдарының және өкілдіктерінің ұйымдастырушылық құрылымдарының негізінде Банк филиалдарының және өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді;

11) бекітілуі Банктің Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жататын лауазымдық нұсқаулықтарды қоспағанда, Банк қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

12) Банктің осы Жарғысымен және Банк Акционерінің және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11.6. Басқарма мүшелері өз өкілеттіктерінің шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, Банк атынан өз қолы қойылған және Банктің мөрі басылған сенімхаттарды береді.

11.7. Банк Басқармасы қажет болған кезде, Банк Басқармасының Төрағасымен немесе оның мүшелерінің кем дегенде үштен бір бөлігінің, Банктің Директорлар кеңесінің немесе Банк Акционерінің талабы бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы өзінің құзыреттілігіне жататын және оның қарауына шығарылған мәселелерді егер оның мәжілісінде Банк Басқармасы мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем қатыспаса, шешуге өкілетті.

Банк Басқармасының әр мүшесі бір дауысқа ие. Банк Басқармасының шешімдері мәжілісте қатысып отырған Банк Басқармасы мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең түскен кезде Банк Басқармасы Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Банк Басқармасының шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған барлық мәжілісте қатысқан Банк Басқармасының мүшелері қол қоюлары және онда дауыс беруге қойылған сауалдар, әр сауал бойынша Банк

Басқармасының әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен олар бойынша дауыс беру қорытындылары болуы тиіс.

Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады.

ХІІ. БАНКТІҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

12.1 Банкте қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Банктің Ішкі аудит басқармасы құрылады.

Банктің Ішкі аудит басқармасы Банктің жеке құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ол тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

Банктің Ішкі аудит басқармасы өз қызметінде Банктің өзге құрылымдық бөлімшелерінен және Банк филиалдарына тәуелді емес.

12.2. Банктің Ішкі аудит басқармасы Банктің Директорлар кеңесімен тағайындалатын қызметкерлерден құралады.

Банктің Ішкі аудит басқармасының қызметкерлеріне Банктің Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлануына болмайды.

Банктің Ішкі аудит басқармасының қызмет ету тәртібі, оның функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

ХІІІ. БАНКТІҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕПТІЛІГІ, АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ АШУ

13.1. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

13.2. Банктің қаржылық есептілігіне Банктің бухгалтерлік теңгерімі, кірістер мен шығындар туралы есебі, ақшаның қозғалысы туралы есебі және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептілігі кіреді.

Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес операциялардың және оқиғалардың есебін жүргізеді.

Қаржылық және өзге де есептіліктің тізбегі, нысандары немесе нысандарға қойылатын талаптар, сондай-ақ ұсыну мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

Банк тоқсан сайын қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансын, кірістері мен

шығыстары туралы есебін Өкілетті органмен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде, оларды аудиторлық растауларсыз жариялайды.

Банктің жылдық қаржылық есебі онымен Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz корпоративтік (ресми) WEB-сайтында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Ғаламтор-сайттарында жарияланады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жататын, Банктің қаржылық есебінен басқа оның қызметі туралы ақпарат, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарымен басқасы айқындалмаса, Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімдерде тек оның Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz корпоративтік (ресми) WEB-сайтында ғана жарияланады.

13.3. Банк Басқармасы жыл сайын Банк Акционеріне өткен жылға жылдық қаржылық есептілігін, оны талқылау және бекіту үшін ұсынады, оның аудиті аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілді. Жылдық қаржылық есептіліктен басқа, Банк Басқармасы Банк Акционеріне аудиторлық есепті ұсынады.

Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады.

Жылдық қаржылық есептілік Банк Акционерімен есептілікті бекіту күніне дейін отыз күннен кеш емес Банктің Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Банктің жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Банк Акционерінің шешімімен жүргізіледі.

Банк жыл сайын жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Уәкілетті органмен белгілеген мерзімде, «Банктер туралы» ҚР Заңының 19 бабы 4 тармағының талаптарына сәйкес келетін, аудиторлық ұйымды, онымен ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын растаудан және Банк Акционері қаржылық есептілікті бекітуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

Банк тоқсан сайын бухгалтерлік балансты, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес пайдалар және шығындар туралы есепті Уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде, оларды аудиторлық растаусыз жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасауда мүдделігі бар, мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме хатында беріледі, сонымен қатар «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес Акционерге және инвесторларға жеткізіледі. Нәтижесінде Банк активтерінің мөлшерінен он және астам пайыз сомасына мүлік сатып алынатын немесе иелігінен шығарылатын, мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары, мәміле мерзімдері

мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер болуы тиіс.

13.4. Банк жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

Банк аудиті аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізуге өкілетті және «Банктер туралы» ҚР Заңының 19 бабы 4 тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйыммен жүргізілуі мүмкін.

13.5. Аудиторлық ұйым (аудитор) аудиттің нәтижелері мен өз қорытындыларын Банктің Директорлар кеңесіне және Банк Басқармасына ұсынатын есебінде жазады.

13.6. Банк өзінің қызметі туралы ақпаратты Банк Акционерінің мәліметіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz корпоративтік WEB-сайтында жариялау арқылы жеткізуге міндетті.

Банк Акционердің және инвесторлардың мәліметіне Банктің мынадай корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) мәселелердің тізбегі бойынша Банк Акционерімен және Банктің Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер, олар туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк Акционерінің және инвесторлардың мәліметіне жеткізілуі тиіс;

2) Банкпен акцияларды және өзге де құнды қағаздарды шығару және Уәкілетті органмен Банктің құнды қағаздарын орналастырудың қорытындысы туралы есептерді, Банктің құнды қағаздарын өтеудің қорытындылары, Уәкілетті органмен Банктің құнды қағаздарын жою туралы есептерді бекіту;

3) Банкпен ірі мәмілелерді және жасауда Банктің мүдделілігі бар, мәмілелерді жасау;

4) Банк активтерінің бес және астам пайызын құрайтын сомадағы Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге беру) тапсыру;

5) Банктің меншік капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерінде Банкпен қарыз алу;

6) Банктің қызметтің қандай болса да түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алу, Банктің қызметтің қандай болса да түрлерін жүзеге асыруға бұрын алынған лицензияларының әрекетін тоқтата тұру немесе тоқтату;

7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Банк мүлкіне тыйым салу;

9) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызды құраған Банктің мүлкі жойылған, төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

10) Банкті және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта құру туралы шешімдер.

Банк кредиторларға, қоғамға және Акционерге ақпарат беру мақсатында Банктің Директорлар кеңесімен Банкпен ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде хабарлама жариялауға міндетті.

Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, Банктің тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есептерінің Уәкілетті органының нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте және мерзімінде интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қор биржасына оның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте қор биржасының интернет-ресурсында жариялау үшін, барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады.

Банк Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz корпоративтік WEB-сайтында ірі акционерлері туралы ақпаратты, сонымен қатар басқа заңды тұлғада басшылық лауазымды немесе басқа да негізгі қызметті қоса атқаратын Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтерді, олардың басқа заңды тұлғадағы өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып, қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленетін тәртіпте орналастыруға міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялау (Банк Акционерінің мәліметіне жеткізу) мерзімдері қарастырылмаған жағдайда, осы ақпарат оның пайда болу күнінен бастап үш жұмыс күн ішінде жарияланады (Банк Акционерінің назарына жеткізіледі).

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Банк Акционеріне корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) Банкпен алған күннен бастап жеті жұмыс күн ішінде ұсынылуы тиіс. Корпоративтік дауға қатысатын тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген шектеулерді ұстана отырып, бір-бірінен істің мән-жайын белгілеуі мүмкін құжаттарды сұратуға құқылы.

Банктің дауыс беру акцияларының бес және одан да астам пайызына ие (жиынтығында ие), Банк Акционерінің (акционерлерінің) өтініші бойынша Банктің Директорлар кеңесінің шешімі, оның (олардың) мәліметіне мәжілісті өткізу күнінен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі.

13.7. Банк Акционері және Банктің лауазымды тұлғалары мыналарға міндетті:

1) өзі туралы ақпаратты және олар арқылы Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын (болған) тұлғалар туралы оларға қолжетімді ақпаратты ашуға, сондай-ақ Банкке туындайтын өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға;

2) өздерінің аффилиирленген тұлғаларын Банк алдында өздері туралы ақпаратты ашу қажеттілігі туралы ескертуге;

3) өздерінің аффилиирленген тұлғаларына Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәліметтерді Банкке уақтылы және толық ұсынуға көмек көрсету.

13.8. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, «Банктер туралы» ҚР Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілеріне сәйкес осындай деп танылған тұлғалар Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылады.

13.9. Банктің оның аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен мәмілелер жасасудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

13.10. Банктің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны мазмұндайтын ақпарат болып есептелмейді.

13.11. Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларын (тек Өкілетті органмен белгіленген тәртіпте ірі акционер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты) есепке алуды осы тұлғалармен немесе Банктің тіркеушісімен ұсынылатын мәліметтердің негізінде жүргізуге міндетті.

13.12. Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Банкке аффилиирлігі пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті. Аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты ашу, сауалнама нысанында жазбаша түрінде жүргізіледі. Толтыруға арналған сауалнама нысандары Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

13.13. Толтырылған сауалнамалар лауазымдық тұлғалармен және олардың аффилиирленген тұлғаларымен алған сәттен бастап жеті күн ішінде ұсынылады.

Ақпараттың өзгеруі жағдайында, осы ақпаратты бұрын ұсынған бұндай өзгеріс туралы ол туындаған күннен бастап жеті күн ішінде еркін түрде Банкті ескертуге міндетті.

13.14. Банкпен «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес, өзі және өзінің қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралы Банктің корпоративтік (ресми) WEB-сайты (www.vtb-bank.kz) болып табылады.

XIV. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ. БАНКТИ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖОЮ

14.1. Банкке оның құқықтық мәртебесін өзгертудің және оның қызметін тоқтатудың келесі түрлері қолданылады:

1) қайта ұйымдастыру (біреуі Банк болып табылатын бірнеше акционерлік қоғамдарды қосу, Банкке басқа акционерлік қоғамды қосу немесе Банті басқа акционерлік қоғамға қосу, Банкті бірнеше акционерлік

қоғамға бөлу, Банкті жаңа акционерлік қоғамнан (жаңа акционерлік қоғамдардан) шығару түрінде);

2) консервациялау, ол Өкілетті органның шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өткізіледі;

3) жойылу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық мәртебесін өзгертудің және оның қызметін тоқтатудың басқа да түрлері.

14.2. Банкті ерікті қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Уәкілетті органның рұқсатымен, Банк Акционерінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Банкті мәжбүрлеп қайта құру «Банктер туралы» ҚР Заңымен қарастырылған, ерекшеліктерді есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

14.3. Банк:

1) Уәкілетті органның рұқсаты болу кезінде Банк Акционерінің шешімі бойынша (ерікті жою);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлеп жою) жойылуы мүмкін.

14.4. Банкті жою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

14.5. Банкті жою туралы шешім қабылдаудан кейін құрылған, Жою комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

XV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Егер Банк Жарғысының қандай болса да ережесі жарамсыз болса, бұл Банк Жарғысының қалған ережелерінің заңдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық қатынастарға рұқсат берілетін басқа ережемен ауыстырылады.

15.2. Реттеу тәртібі осы Жарғымен, Банкті Корпоративтік басқару кодексімен және Банктің басқа да ішкі құжаттарымен, Банк органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерімен айқындалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

15.3. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының осы Жарғы бекітілгеннен кейін туындаған заңнама нормаларын сол нормалардың осы Жарғыда, Банкті Корпоративтік басқару кодексінде және Банктің басқа да ішкі құжаттарында, Банк органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерінде қаншалықты көрсетілгенінен тәуелсіз басшылыққа алуға міндетті.

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ
Басқарма Төрағасының
міндетін атқарушы



И. Туралиева

Туралиева Ирина Сергеевна